



Адамзаттың аспанға
алғашқы қадамын
бастаған жер кіндігі –
«Байқоңыр»
ғарыш айлағының
құрылғанына –
70 жыл. Мемлекет
басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаев
көкке тіке жол
салған айлақтың
мерейтойымен
құттықтады. Ел
Президенті әлем
көзін қадаған
өңірдің алдағы
уақытта да
озық иннова-
циялардың
қайнар көзі
болатынына
сенім білдірді.

«БАЙҚОҢЫР»: ЖЕТПІСТІҢ ЖЕЛКЕНІН КЕРДІ

– Біз әлемдегі ең ірі ғарыш айлағының қазақ жерінде орналасқанын ерекше мақтан тұтамыз. Халқымыздың қаһарман ұлдары Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов осы ардан космосқа аттанды. Еліміз халықаралық ғарышты игеру ісінің белсенді мүшесі саналады. «Байқоңыр» айлағы – Қазақстан мен Ресейдің достыққа, тату көршілікке және өзара түсіністікке негізделген ұзақмерзімді стратегиялық серіктестігінің жарқын көрінісі.



Соңғы онжылдықтарда Қазақстан ұлттық экономиканың дамуына ықпал ететін бірқатар ауқымды ғарыш жобаларын іске асырды. Еліміз Байқоңырды халықаралық ынтымақтастықтың, ғылым мен білімнің және туризмнің орталығына айналдыруға ұмтылады. Ғарыш қызметінің жаңа нарығына шығу, жас инженерлердің, конструкторлар мен ғалымдардың әлеуетін арттыру жарқын болашаққа жол ашады, – деді ол құттықтау сөзінде.

2-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

3 маусым
сейсенбі

№41 (2154)

2025 жыл

ЖАҢА НЫСАНДАР – ЖЕТІСТІК БАСТАУЫ

Сұлу Сырдың төрінде орналасқан Қызылорда биыл ерекше ажарланып, даму серпіні еселене түсті. Күн өткен сайын даңғылдар жаңарып, көкпен тірескен зәулім ғимараттар бой түзеуде. Сәні мен салтанаты келіскен шаһарда бір күнде бірнеше нысан пайдалануға беріліп, алыстан ат терлетіп келген қонақтар да жоғары баға берді. Білім, мәдениет саласындағы жаңа нысандардың ашылу салтанаты алты Алашқа сауын айтылған Қызылорданың ғасыр тойына да ерекше тарту болғандай.



«Ақмешіт» қоғамдық

Маусым айы – балдырғандардың шат-күлкісі мен бақытты балалық шағының ерекше қарқын алып, айналаға шуақ шашылар ай. Мамыражай жаздың алғашқы күнінде қалалық мәдени-демалыс паркі тынығушыларға есігін айқара ашты. Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, академик, мемлекеттік сыйлықтың иегері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев қатысты.

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұл-қыздарымыздың парасатты, жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау – мемлекетіміздің басты міндеті» деген болатын. Бүгін – аймақ үшін айтулы күн. Мерекеге орай, қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркі, физика-математика мектеп-интернаты, музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылуда. Бұл ұлттымыздың «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына үлкен тарту болды. Жаңа, әсем, заманауи парктің құрылысын сапалы жүргізіп, мерзімінде пайдалануға берген елімізге белгілі «BIGLOBAL»

компаниясының ұжымына Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан шынайы алғыс білдіремін. Егемен елімізді дамыту жолындағы абыройлы істеріміз, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өрелі жұмыстарымыз табысты болсын, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Айта кетейік, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында облыс бойынша кең ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Қала, аудан және ауылдардағы парктер, скверлер, аллеялар мен көпқабатты үйлердің аулалары жаңартылып, көркейтілуде. Бүгінде Сырдың бас шаһарында Президент саябағы, Батырхан Шөкенов атындағы парк пен Қорқыт ата мемориалды аллеясы қайта жаңғыртылуда.

2-БЕТТЕ

■ IT-ӘЛЕМ

«СМАРТФОНМЕН МИЛЛИОН!»: Жастарды баураған мобилография құпиясы

Бүгінде интернеттегі бейнематериалдардың басым бөлігі – смартфон арқылы түсірілген. TikTok-тағы қысқа роликтерден бастап YouTube блогтарына дейін, тіпті шетелдік атақты әртістердің музыкалық клиптері де енді кәсіби камерасыз, қалтадағы құрылғымен түсіріледі. Смартфон – тек байланыс құралы емес, шынайы шығармашылық студияға айналды. Алайда мұның бәрі сырттай қарағанда оңай көрінгенімен, шын мәнінде мобилография өз ерекжесі, техникасы мен даму тарихы бар күрделі құбылыс. Сонда бұл сала қалай пайда болды? Жастар смартфон арқылы сурет пен видео түсіруге неге құмартуда? Мобилографиядан шынымен табыс табуға бола ма? Осы орайда мобилография саласын зерттеп көрдік.



4-БЕТТЕ

■ СҰХБАТ

Сәкен ШЫНЫМОВ,
Мәдениет саласының үздігі, композитор, ұстаз:

БАЛАЛАР ӘНДЕРІ БАҒЫМДЫ АШТЫ

Бүгінде балалар әндеріне сұраныс жоғары. Себебі балақайлардың дүниетанымына лайық, сөздің мәтіні жеңіл, түсінікті, әуені құлаққа жағымды, қызығушылық тудыратын әндер саусақпен санарлық. Бала қиялын шыңдайтын әсем ән туындысымен көпшіліктің көзайымына айналған композитор, көптеген балалар әнінің авторы, ұстаз Сәкен Шынымовпен сұхбаттасудың сәті түсті



3-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін

6 айға – 3000 теңге,

мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты

сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:

40-05-81, 70-14-08.

ЖАҢА НЫСАНДАР — ЖЕТІСТІК БАСТАУЫ

Сыр өрендері білім бойгесінде топ жарып, аймақтың абыройын асқақтатып жүр. Оларға мемлекет тарапынан берілер қолдаулар да аз емес. Жаңадан ашылған физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты осы сөзімізді айғақтайды. Ашылу салтанатына «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте арнайы қатысты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиында аймақтағы білім саласын қолдау жұмыстарын тілге тиек етті.

— Аймақта соңғы үш жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі 304 млрд 600 млн теңгені құрап, 32 пайызға артты. Біздің ең бірінші міндетіміз — балаларымыздың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы 4 мектепке 1 850 орындық қосымша құрылыс салу есебінен үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы: «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жаңа білім ғимаратынан алдыңғы буынның ізгі жолын жалғаған білімді, талантты шәкірттер шығатынына сенімсіз мол, — деді Н.Нәлібаев.

Айта кету керек, Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 3 мың орындық 6 мектеп ел игілігіне берілді. Тағы 4 мектеп быыл жаңа оқу жылында іске қосылады.

Сырдағы серпінді даму осылайша білім саласына басымдық беріп тұр. Оқу-білім бағытында ашылған нысан тек бұл ғана емес. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты да осы күні ел игілігіне табысталды. Мұнда келген ел ағаларының жанынан «Саутс Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжанов та табылды. Жиында Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев жаңа ғимаратта өнерлі жастар тәрбиелене беруіне тілек білдірді. Аймақ басшысы да өз сөзінде Сырдағы өнер саласындағы ұстаздардың ерен еңбегін атап өтті.

— Елу жылға жуық тарихы бар Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келеді. Бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта қиындықтарға қарамастан жастарға білім беріп, өнерге баулыды. Жаңа ғимаратта студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар. Музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекеннен келген жас өрендерді қабылдауға дайын. Күн сайын жанарып,

Басы 1-бетте

ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Қазақта «Бір әріп үйреткенге — қырық жыл сәлем» деген керемет сөз бар. Ұстаз атты ұлық есімге кір келтірмей, талантты баланы тап басып танып, оның санасына сәулешашар ізгілік иелері талай шәкіртті жолға салып келеді. Таяуда ғана республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасында бірнеше шәкірті топ жарып, мерейі үстем болған Перизат Табынбаева — осындай жан. Оның шәкірттері жыл бойы білім додаларында аламанның алдын бермей келеді.

Перизат ТАБЫНБАЕВА,
Қалтай Мұхамеджанов атындағы
№1 мектеп-гимназиясының мұғалімі:

ИДЕАЛДЫ АЛЫСТАН ІЗДЕМЕУ КЕРЕК

— Перизат Сейдалықызы, мұғалім мәртебесін көтеретін де, еңсесін тіктейтін де шәкірттері ғой. Оқушыны жеміс ағашы десек, сіздерді көгігі бағбан десек болады. Қазір оқушыларыңыздың арасында дүбірлі додадан топ жарып жүргендер көп секілді...

— Ұстаздық салада 30 жылдай еңбек етіп келемін. Аймақта аты Алашқа тараған, тарихы тереңде жатқан осы білім ордасында он жылдан бері еңбек етіп келемін. Кеше ғана бірнеше оқушымыз «Білім-Инновация», Назарбаев зияткерлік мектептеріне қабылданып жатыр. Екі оқу орнының да сынағынан сүрінбей өткендер бар. Оқу орындары біздің оқушыларға таласып жатыр деп айтсақ та болады. Биылғы мектеп бітіруші түлектерге 5-10 сынып аралығында сабақ бердім. Солардың ішінде Мерей Қалтаева өткен жылы республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінде І орынның биігін бағындырып, абыройымызды асқақтатқан болатын. Біздің мектептен біраз жылдан бері облыстық олимпиада жеңімпазы шықпай жүрген. Сол Мерейіміз қамалды бұзып, кейіннен облыстық кезеңде де жеңіс туын көтерді. Мектеп тарихында есімі қалды. Ол президенттік олимпиаданың облыстық екі кезеңінен топ жарып, республикалық олимпиадаға да қатысты. Мұндай үздік шәкірттеріміз жетерлік.

— Быыл Назарбаев зияткерлік мектебіне, «Білім-Инновация» лицейінің сынынан сүрінбей



жасарған Сыр өңірінің жаңа келбетіне көрік берген музыкалық колледждің ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткені үшін «Саутс-Ойл» компаниясының басшысы, елімізге белгілі меценат Серікжан Сейтжанұлына барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

«Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ» дейді қазақ даналығы. Өңірде тарихымызды бүтіндеп, өткенді тірілтіп жатқан жоспарлы жұмыс жалғасып келеді. Соның бірі — жаңадан ашылған облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты. Талай тарихты өн бойына сыйдырған ғимарат еліміздегі Ұлттық музейден кейінгі екінші орында тұр. Мұнда талай сырды ішке бүккен тас ғасырынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі қазақ тарихы, құнды жәдігерлер жинақталған. Ұлттық құндылығымызды айшықтайтын ғимараттың өмір-хындағы маңызы зор екенін облыс әкімі нықтап айтты.

— Бүгін — аймақ үшін тарихи сәт, айтулы күн. Қасиетті Сыр өңірі — астаналар мекені, ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын дінгегі. Президент бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берді.

«Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен байыпты бастамалар қолға алынып, жасаппаз жобалар іске асуда. Аймағымыздың сәулеттік келбеті жаңарып келеді. Мәдениет саласында жаңа жобалар жүзеге асуда. Өнер және руханият саласының майталмандарына әлеуметтік қолдау көрсету басты назарымызда.

Жыл сайын мәдениет, өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында «Тұран», журналистерге «Жебе» сыйлығын табыстау дәстүрге айналды. Экспонаттарды таныстыру үшін заманауи технологиялар, жасанды интеллектінің жаңа мүмкіндіктері қолданылды. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің салынуына «Самұрық-Қазына» Ұлттық компаниясы өз үлесін қосты. Заманауи жаңа ғимарат ұлттығымыздың тарихи «қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына, облыстық музейдің 85 жылдығына керемет тарту болды. Киелі «Сыр елі — жыр елінің» мәдени қазынасы арта бергей! — деді Н.Нәлібаев.

Мәдениет, өнер және білімнің алтын ордасына, құтты шаңырағына айналған Сырдағы серпінді даму елдің назарын өзіне аударып тұр. Алтай мен Атырау арасындағы Алаш баласы биылғы ғасыр тойына ерекше мән беруде. Мерейтой аясында тағы бір жанарған Ақмешіттің таңы арайлана түсті.

«Ақмешіт-ақпарат»



«БАЙҚОҢЫР»: ЖЕТПІСТІҢ ЖЕЛКЕНІН КЕРДІ

Екі ел үшін де маңызы жоғары шаһардың мерейтойына Ресей Президенті Владимир Путин де арнайылап ақ тілегін жеткізген. «Сатурн» мәдениет және кино залында өткен іс-шарада екі ел Президентінің құттықтауы бейне арқылы көрсетілді.

Мерейтой аясында майдангерлерге, интернационалист жауынгерлерге және Байқоңырдың дамуына үлес қосқан ардагерлерге тағзым ретінде ескерткіштерге гүл шоқтары қойылды. Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Президентінің Байқоңыр кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, ҚР ЦДИАӨМ Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралағамбетов, «Роскосмос» корпорациясының бас директоры Дмитрий Баканов және Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин құттықтау сөз сөйлеп, Байқоңырдың екі ел үшін де стратегиялық маңызына тоқталды.

«Байқоңырдың» 70 жылдық мерейтойы аясында қала орталығында ашық аспан астындағы мұражай ашылды. Бұл — ғарыш саласындағы ұлы жетістіктер мен техникалық дамуыңың нақты үлгілерін көзбен көріп, тарихпен тірі байланыс орнатуға мүмкіндік беретін бірегей орын.

Мұражай экспозициясы кең аумақта орналасқан. Мұнда әртүрлі кезеңдерге тиесілі зымырандар, ғарыштық техника үлгілері, жерүсті бас-

қару кешендерінің бөлшектері, тіпті нақты тарихи миссияларға қатысқан құрылғылар да қойылған. Барлығы — Байқоңырдың бай тарихын жан-жақты көрсетіп, оның әлемдік ғарыш кеңістігіндегі орнын айқындайды. Бұл жай ғана техника көрмесі емес — әр экспонаттың артында адамдардың ерен еңбегі, инженерлік жаңалықтар мен батыл шешімдер жатыр. Музейге келген әрбір қонақ осы атмосфераһы сезініп, Байқоңырдың шынайы рухын түйсіне алады.

Ашық аспан астындағы мұражай — бұл ғылым мен технологияны дәріптеп қана қоймай, жас ұрпаққа шабыт сыйлайтын, тарих пен болашақтың арасындағы алтын көпір. Ғарышқа ұмтылған адамзат арманын көзбен көруге, жанмен сезінуге мүмкіндік беретін ерекше мәдени кеңістік.

Айта кетейік, Байқоңыр кешенінде табанды еңбек етіп, даму жолында аянбай тер төккен жандар марапатқа ие болды. Оларға «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі мен «Ғарыш саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» ведомстволық медальер табыс етілді. Кеш соңында өткен мерекелік концерт ерекше көңіл-күй сыйлап, Байқоңырдың рухын асқақтатты. Байқоңыр — бұл тек ғарыштың қақпасы ғана емес, ғылым мен ынтымақтастықтың символы.

«Ақмешіт-ақпарат»

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс. Мемлекеттік қызметшілер өз міндеттерін тиісті деңгейде орындау мақсатында олардың тарапынан Әдеп кодексін бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Осы бағытта департамент тарапынан мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, қызметтік әдепті бұзу фактілерін болдырмау және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алу мақсатында 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларында 74 түсіндіру шаралары жүргізілді.

Оның ішінде, мемлекеттік органдарға бару арқылы 34 шара өткізіліп, мемлекеттік қызметшілерге «Мемлекеттік қызметшілерімен заңнамада көзделген шектеулерді, мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау» тақырыбында семинар өтті.

Осы жылдың сәуір-мамыр айларында Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, ҚР сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Қызылорда облысының әділет департаменті, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің қатысуымен сол ұжымдарда семинарлар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ сәуір-мамыр айларында департамент басшысы Е.Мендалиев ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалында 5 рет дәріс оқыды.

Семинарлар барысында құмар ойынмен ойнауға шектеу қойылғаны, шектеуді сақтамаған жағдайда мемлекеттік қызметші жұмыстан босатылатыны қатаң ескертілді және 2025 жылғы 10 қаңтардағы №156-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының талаптарымен таныстырылып, оның ішінде мемлекеттік қызметке тұру шарттары мен тәртіптік жаза қолдану мәселелеріне түсіндірме берілді.

Бұдан бөлек, ҚР Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамада көрсетілген бастамалармен таныстырылып, мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту мақсатындағы қабылданатын шаралар туралы ақпарат берілді.

Осы жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде Әдеп жөніндегі кеңесте қаралатын тәртіптік істердің саны жыл сайын азаюда.

Жүргізілген семинарлардың басты мақсаты — мемлекеттік қызметкерлердің тәртіптік теріс қылық жасау және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Т.НУРТАЕВ,

мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

Сұхбаттасқан
Дәулет ҚЫРДАН

ӘКЕМ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА НАРЫ ЕДІ

«Менің әкем, менің әкем ең жақсы адам...» деген ән айтылғанда еріксіз әкем ойыма оралады. «Бір әкеңіз берген тәлім-тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген тәмсілді өз басым құптаймын. Ғұмыры ғибратқа толы әкеміз біз үшін асқар тау, ал кемелдігі шалқар теңіздей болды деп айта аламын. Буынымызды еңбекпен қатайтқан жанның өмірлік ұстанымы, ағайын-туысқа жанашырлығы, досқа адалдығы, кең пейіл, қолынан келген көмегін аямайтын жомарттығы перзенттерінің бойына дарыды деп ойлаймын. Ол отбасының ғана емес, бір қауым елдің мүддесін қорғап, бүкіл сәуелі күндерін, жастық жалынын туған жерін көркейтуге, елдің дәулетін тасытуға, тығырықтан жол тауып, қиыншылықты жеңуге арнады. Қиын кезеңде өмір сүргенін бала болсам да терең сезіндім. Елдің мұң-мұқтажын дастархан басында да сөз ететін. Шарпаса да егіс басында, атыз жағасында күнге күйіп, суыққа тоңып, қарапайым еңбек адамдарымен тілдесіп, қастарына барып, еркін әңгімелесетін. Техниканың да тілін білді. Ат үстінде суыт жүріп бейнеткеш диқандармен қоян қолтық жұмыс істеген кездері де болды. Менің қызметім жоғары деп кабинетте отырған емес. Бала жанының бағбаны да бола білді. Қасымызға отырып, ақыл-көнесін, өнегелі сөздерін айтып, біреудің ала жібін аттамауды, өтірік айтпауды, адал да, шыншыл болуды үйретті. Ақыл парасатының, ұйымдастыру шеберлігінің, білімінің арқасында талай шыңды бағындырып, басшылық қызметтерде жүрді. Халық ол кісіні ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы, партия-кеңес қызметкері ретінде еңбегін бағалап, Жалағаш ауданының құрметті азаматы атаған берді. Өмір жолына тоқталсам, әкеміз Өмірбек Өбекенов 1943 жылы Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумын, 1980 жылы Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Еңбек жолын туған жерінде қарапайым жұмысшы болып бастаған ол басшылық қызметте де абыройлы қызмет істеді. 1970-1980 жылдары халық депутаттары Калинин ауылдық кеңесінің хатшысы, төрағасы, 1980-1990 жылдары Жаңа-талап совхозы партия ұйымының хатшысы, директоры қызметін абыроймен атқарды.

Әкем Калинин ауылдық кеңесінің хатшысы болған жылдары ауыл спортының дамуына сүбелі үлес қосты. Алғаш рет ауыл балаларына еркін күрестен секция ашып, қалалық, аудан-аралық жарыстарға апарып, жүлделі орынға қол жеткізгенінен хабардармын. Мәселен, 1975 жылы облыс орталығында өткен ауданаралық жарыстың грек-рим күресінде ауыл азаматы Аюп Мырзабаев 92 келі, Жарылқап Салманов 67 келі, Бакарадин Төрмұратов 52 келі, Қартаңбай Арыков 52 келі, Субханберді Маханов, Алданазар Баймаханов 52 келі салмақта 2 орын иеленіп, жеңіс тұғырына көтерілсе, осы азаматтар ауыларалық қазақша күресте 1 орын алып, жеңімпаз атанып, Жаңа-талап ауылының намысын қорғаған. Ауылдың қара домалақ балаларын да үлкен додаларға жетелеп, бойындағы талантты жан-жақты ашулы мақсат тұтқаны әкеміңіз көргендігі деп білемін.

Жаңа-талап совхозын басқарған жылдары совхоз ауыл шаруашылығының барлық саласы бойынша ол нәтижеге қол жеткізді. Сырдың басты дақыл қүріштен мол өнім алды. Төрт түліктің саны өсіп, тұрғындардың әлеуеті артты. 1990-1992 жылдары аудандық кеңестің атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1992-1993 жылдары аудандық кеңестің төрағасы болды. Ал 1994-1998 жылдары аудан әкімінің орынбасары, 1998-2000 жылдары Жалағаш кенті әкімі қызметін абыройлы атқарды. 2000 жылғы мамыр айында Алматы қаласына қоныс аударып, Қазақтың егін шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында қажырлы еңбек етіп, зейнетке шықты.

Адамдар мәңгілік емес. Біз де әкемізбен 2022 жылдың 7 қаңтарында қош айтыстық. Ол кісі кемеліне келген қарттықты бағындырып, 79 жасында дүниеден өтті. Алайда артында мәуелі бәйтеректей ұлағатты ұрпағы қалды. Әкеміздің өмірі балаларымен жалғасып жатыр. Соған шүкіршілік жасап, қанағат етеміз. Өмір мектебінің үйретері көп қой. Етек-жеңін жинап ертеңіне ой жіберген жастың алдынан өз басым жақсы тәлімгер кездесе екен деп тілеймін. Даңғыл жолға түскен жолаушының адаспайтыны секілді жықпылы мен жырасы қатар кездесетін өмірдің кейбір соқпағында жаныма медет, рухани сүйеу болатын темір-қазық жандар қажет-ақ.

Өмірде өзіндік өрнегін қалдырған, ақ парактай әлеміме әдемі тәрбие суретін салған



бір-бір әулеттің абыз ақсақалына айналған әкелеріміз жайлы қалам теребегенімде осы бір ұғым алдымнан шыға келеді. Қамшының сабындай ғана ғұмырда соңына мол іс-тәжірибе қалдырып, қара басының қамы емес, халқының қамын ойлаған әкелердің тұлғасы уақыт өткен сайын биіктей бермек. Сыр өңіріне танылып, өзіне лайық тұғызға көтерілген әкеміңіз өнегесі маған қырық жыл емес, ғұмырыма мәңгілік азық болды десем қателеспеймін. Ол кісі маған төрткүл дүниенің түп қазығы болды.

Әрине, әкем менің балауауым мен мақтауыма мұқтаж емес. Артына қалдырған өнегелі рухани қазынасы мол, ата-бабадан зиялы, бекзат қасиетті бойына сіңірген кемеліне келген текті әулеттен шыққан туымы бөлек тұлғалы жан. Әкем адамға көрсетілер құрмет пен күтімнің жөн-жобасын үйретті. Ойын баласына тән қателігімізді көзіңіз қырымен ұқтырып, сөзімен айналып отыратын. Бір сөзбен айтқанда, біздей бозөкпе бозбаладан қара нар сомдауға ұмтылды. Қазақы болмысымен, кәсібіне деген адал қалпымен өзі де қазақтың қара нары болған ақсақал ұрпағын да шаруаның көрігін қыздыруға машықтандырды. Аласпыран тірліктің көшінде барар бағытымынан, жүрек жолымынан жаңылмас үшін әкемізбен қалған сәуелі ізге қарайлап жүреміз. Зеңгір көктің темірқазығы түсінген пендесіне қалай көмегін тигізсе, көңіл көкжиегіндегі менің темір-қазығым болған әкем де жүрек жолымды айқындап, бата беріп тұрғандай көрінеді. Сондықтан ұрпақтан-ұрпаққа, аталан балаға мұра болған қазақы тәрбиенің аятын тінін үзіп алмасaq өмір мұраты сол деп ойлаймын.

ӘКЕГЕ АРНАУ

Киелі Жалағашым, асыл жаның, Ойыммен, жүрегіммен қасындамын. Сол жерде менің әкем қызмет етті, Жайқалтып Жалағаштың жасыл бағын.

Жалағашта жоспар боп асқаралы, Жерлестер де бірігіп, қостады оны. Кіші Париж етем деп Жалағашты, Көтерді Қожахмет аға бастамамы.

Тыным таппай іс бастап әкем енді, Талай көше жүргізіп төтеледі. Кент ішінен жап қазып, сүз жүргізіп, Шаруаның көзін тауып жетеледі.

Жалағаштың жайсаңы бола білді, Көнілің көпшіліктің таба білді. Жокқа сабыр, барына қанағат қып, Ынтымақтың қазығын қаға білді.

Қорған боп анашымды аялады, Ұрпағымен гүлденді саябағы. Әсіетті қарт болды ғибратты, Ел үшін күш-жігерін аямады.

Жүрсем де қоныс қылып тау етегін, Әкемің бейнесіне тәу етемін. Әр талын туған жердің аялаймын, Қолының табы бар деп Өбекеңнің.

Жақсының жанына ел саялайды, Құрмет пен сыйластығын аямайды. Сіз екен Жалағаштың саябағын, Самал жел күні-түні аялайды.

Атынды жайды еңбегін Сыр еліне, Айналдың Жалағаштың тілегіне. Немере, шөберелер өсіп-өніп, Жасай бер ұрпағыңның жүрегінде.

Бектемір ӨБЕКЕНОВ,
ұлы

Сәкен ШЫНЫМОВ, Мәдениет саласының үздігі, композитор, ұстаз:

БАЛАЛАР ӘНДЕРІ БАҒЫМДЫ АШТЫ

– Тылсым күшпен үндескен композитор болу кез келген адамға бұйырмаған бақ. Бұл өнерге қалай келдіңіз, ата тегіңіз де талантты жандар бар ма?

– Бұл өнер маған нағашы жағымнан келген деп ойлаймын. Менің шешем домбыра тартып ән салады, ал нағашы ағам Есен Көшербаев Қызылордадағы алғашқы музыкалық училищені ашқан адам. Нағашы ағам Ленинград институтының мәдени-ағарту факультетін бітірген. Мұнан соң Қызылорда қаласындағы педагогикалық колледжде, Н.Гоголь атындағы пединституттың музыка факультетінде сабақ берген. Нағашыларымын сара жолын жалғастырып, мен де 1981 жылы музыкалық училищенің студенті атандым. Студент атанған сәттен өнер адамдарымен жақын жүргеннен болар, талантым ашылып, ән жазуға құштарлығым басталды. Білімді тереңдету мақсатында 1990 жылы қаламыздағы пединституттың музыка факультетіне оқуға түстім. Өнердегі алғашқы қадамым осылайша теориялық білімді тереңдетумен жалғасты. Музыкалық жағынан сауатты болу да композитордың қабілетін шыңдайды деп ойлаймын.

– Ұзақ жыл ұстаздық еттіңіз. Талантты шәкірттеріңіздің арасында жүзден жүйрік шығып, жүлделі орын алғандар бар болар? Кімдерден үміт күтесіз?

– Ең алғаш 1994 жылы студент кезімде байқауға қатысып, әндегіміз орындаған әнші Гүлнұр Басы 1-бетте

Оразымбетова, Мөлдір Жарылқанова «Таңшолпан» облыстық байқауының жеңімпазы атанды. Мектеп, колледждегі шәкірттерім түрлі ән байқауына қатысып, жүлделі орын алды. Қазір Ғани Мұратбаев атындағы №171 мектепте музыка жетекшісі қызметіндемін. Өнер дарыған әнші балаларды баулып жүрмін. Шәкірттерімнің арасынан келешекте талантты әншілер шығады деген ойлаймын. Әндерімді ютубқа жүктеп отырамын. Желі арқылы республика көлеміндегі мектептер, балабақшалар әндерімді тандап, түрлі сайыстан жүлделі орын алып жүр.

– Жаңа ән өмірге келерде қандай сөзінде боласыз? Ақындарға сөзді ән шыққаннан кейін жаздырасыз ба, әлде дайын мәтінге қарап ән шығарасыз ба?

– Әнге көңіл бөлмесен өзінен-өзі шықпайды. Ән ойды, толғанысты, ізденісті талап етеді. Құлаққа жақсы әуеннің бір ғана қатары келуі мүмкін. Әрі қарай ойынды қозғап, ізденіс пен толғаныс арқасында әнді толықтырасың. Мен соңғы кездері ақындардың ұнаған сөздеріне ән шығарып жүрмін. Кейбір өлеңдердің мағынасы мәтінге өзіне тартып, әнге сұранып тұрғандай әсер береді. Сондай сәтті пайдаланып, күйсандыққа отырамын да, қиял әлеміне саяхаттап кетемін. Шабыттың жетегінде жаңа ән өмірге келеді.

– Балалар шығармашылығымен айналысатыныныңыздан хабардармыз. Сол тақырыпқа жазылған қанша өңііз бар? Туындыңыз жарық көрді ме?

– Балалаларға шығарған әндерімнің саны 45-тей. Балабақшада,

мектепте балалардың орындайтын әні аз болғандықтан, зейінімді балалар әніне бұрдым. Фортепио-нада ойнап отырғанда түрлі әуендер ойға келеді. 7-8 жыл көлемінде балаларға арнаған әндерімді насихаттап, мектептерде ән кешімді өткізіп жүрмін. Екі рет 8 ауданның мектеп оқушыларының басын қосып, облыстық ән сайысын өткіздім. Асқар Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде бірнеше рет шығармашылық кешім өтті.

Балалардың репертуарындағы әндерім жыл сайын артып келеді. Мәселен «Жақсы көрем», «Татулықта күшіміз», «Ұстазым», «Атам келді», «Риза аға, апай да», «Тәрбиеші апай», «Мұғалім ол біздің», «Біз бақытты баламыз» әндерін балалар жиі орындайды.

– Жуырда екі өңііз Астанада өткен «Әншуақ» фестивалінде үздік ән қатарынан көрініп, марапат алыпсыз. Фестивальде қандай әндеріңіз топ жарды? Токтала кетсеңіз...

– 2024 жылғы 28 қыркүйек пен 2025 жылғы 15 наурыз аралығында «QAZAQ» радиосының эфирінен «Әншуақтың» 23 радиохабары өтіп, әуе толқынында іріктеуден өткен 132 балалар әні орындалды. Нәтижесінде, апта сайын радиотыңдаушылардан жиналған дауыс көрсеткіші бойынша ең көп дауыс жинаған 38 талапкер жартылай финалға жолдама алды.

2025 жылғы 15 наурыз – 26 сәуір күндері аралығында «Әншуақ» республикалық радиотелевизионының 15-айналымында іріктеуден өтіп келген 38 туынды тыңдаушы талқысына



қайтадан ұсынылды. Дауыс беру көрсеткіші нәтижесінде ең көп дауыс жинаған талапкерден бастап, төмен қарай санағанда 20 қатысушы орындаған туындылар 2025 жылғы 30 сәуір күні арнайы «Көркемдік кеңес» сараптамасына ұсынылды. Сараптамада балалар әндері дауыс көрсеткішіне байланысты емес, ережедегі талап бойынша туындының өзектілігіне, әуеніне, ән мәтініне, тәрбиелік мәніне қарай бағаланды. ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері, өнер және білім майталмандарынан құралған көркемдік кеңестің шешімімен лайық деп танылған 13 балалар әні гала-концертке шақырылып, арнайы жүздемен марапатталды. Солардың қатарында ақын Р.Наурызбаеваның сөзіне жазылған «Татулықта күшіміз» әні мен М.Дауылбаевтың сөзіне жазылған «Жақсы көрем» әндері үздік деп танылып, оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың қолынан марапат алды. Бұл, әрине, шығармашылық адамы үшін шабыт сыйлайды. Балалар әндері бағымды ашты деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет! Шығармашылық шабыт тілейміз.

Сұхбаттасқан
Г.КОЖАХМЕТОВА

Мемлекеттік қызметшілердің құқығы қорғалады

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асыру. Бұл ретте, азаматтармен бірге мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру – департаменттің негізгі қызмет бағыттарының бірі.

Мысалы, 2025 жылдың қаңтар – мамыр айларында Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері негізінде Кодекс талаптарын бұзғаны үшін 2 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 3 мемлекеттік қызметші әртүрлі тәртіптік жазаларға тартылса, 1 тәртіптік істің қаралуы тоқтатылған.

Атап айтсақ, департаменттің қарауына түскен Шиелі ауданының тұрғыны азаматша Е.-нің шағымы негізінде Қызылорда облысының білім басқармасына қарасты аудандық білім бөлімі басшысының әрекетіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Өзі кезегінде, шағым иесі аудандық білім бөлімі басшысының жеке қабылдауында болған кезде оның дәрежелік танытып, арнамысына тиетін сөздер айтып, сыйайлық танытпағаны үшін шара көруді сұраған. Аталған уәждерді нақтылау мақсатында бөлім басшысынан түсініктеме алынып, онда ол азаматша Е.-нің шағымында көрсетілген уәждерімен келіспейтінін көрсеткен. Дегенмен, азаматша Е. ұсынған аудиозахбаны зерделеу барысында аудандық бөлім басшысы тарапынан әдептілік нормаларын сақтамағаны белгілі болды.

ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің 6-тармағының 4) тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дәрежелік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сыңға себепкер болмауы тиіс деген талаптар қойылған.

Яғни тексеру нәтижесінде жинақталған дәлелдермен бөлім басшысының мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын бұзылуына жол бергендігі анықталды.

Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, кеңес шешімімен оған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазаны қолдану ұсынылды.

Шешімді қарау нәтижесімен Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының 2025 жылғы 14 мамырдағы №50-ж/к бұйрығымен аудандық бөлім басшысына «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды. Сөйтіп, Әдеп жөніндегі кеңес шешімімен азаматша Е.-нің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, департаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Талдаудың нәтижесімен 4 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың күші жойылып, олардың бұзылған құқы қалпына келтірілді.

Бұлдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында 11 мониторинг жүргізіліп, 11 үстеме жұмыс жасау фактісі анықталды. Департаменттің хаты негізінде 51 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға 117 сағат демалыс сағаты берілді.

Сондай-ақ 2024 жылдың қорытындысымен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне сыйақы беруде заңдылықтардың сақталуына талдау жүргізілді. Талдау нәтижесімен 6 мемлекеттік қызметшіге негізсіз сыйақы берілгендігі анықталып, олардың құқықтарының бұзылуына жол берілгендігі анықталды. Аталған мәселе, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, қабылданған шешім негізінде 6 мемлекеттік қызметшіге сыйақы төленді.

Е.МЕНДАЛИЕВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

фриланс, жеке бренд қалыптастыру – қазіргі тренд. Дегенмен бұл жерде материалдық табысқа тым қатты мән беру – рухани құндылықтардың екінші орынға ысырылуына әкелуі мүмкін. Бұл – қоғам болып ойланатын мәселе.

Ұлттық болмыс сақтала ма, әлде жойыла ма? Әлемдік мәдениет пен интернет кеңістігінің ықпалымен жастар жаһандық трендтерге бейімделіп барады. Бұл жағдай қазақы болмыстың көмескіленуіне алып келуі мүмкін. Бірақ жастарды кінәлаудың орнына, ұлттық құндылықтарды заманауи түрде жеткізе білу – маңызды міндет.

Қазіргі қазақ жастары – жаңа заманның көшбасшылары. Олар заман талабына сай ойлайды, ізденеді, дамуға ұмтылады. Сол жолда ұлттық болмыс пен адамгершілік құндылықтарды сақтап қалу – баршамызға ортақ жауапкершілік. Өйткені жастар – ел ертеңінің айнасы.

Сымбат ҚАБЫЛБЕК

№264 мектеп-лицейінің оқушысы

Қоғам уақытпен бірге өзгереді.

Әр буынның өмірге деген көзқарасы, құндылықтар жүйесі мен таңдауы заман талабына сай қалыптасады. Бүгінде қазақ жастары бұрынғыдан мүлде өзге бағытта ойлап, жаңа ұстанымдармен өмір сүреді. Бұл – жаһандану мен технология дәуірінің әсері.

Дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысы. Қазіргі жастар ұлттық дәстүрлерге бейжай қарамайды. Керісінше, олардың ішінде ұлттық киімдерге, домбыраға, ұлттық тағамдарға, салт-дәстүрге деген қызығушылық артып келеді. Алайда бұл құндылықтар күнделікті өмірде емес, көбіне мәдени шаралар мен әлеуметтік желідегі «стиль» ретінде көрініс табады. Яғни дәстүр – рухани қажеттілік емес, мәдени имиджге айналып барады.



«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ЖИЫРМА
ТӨРТІНШІ ҚАРА
СӨЗ

Жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллиондай қазақ бар.

Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды.

Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанмыз.

Үш миллионнан халқы артық дүниеде бір қала да бар, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр.

Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жактан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен?

Әй, не болсын! Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тынышта ма?

Бүгінде технологиялық прогресс пен цифрлық коммуникациялардың қарқынды дамуы барлық салаға елеулі әсер етуде. Әсіресе ерекше дамып келе жатқан бағыттардың бірі – мобилография. Бұл ұғым көпшіліктің түсінігінде, қарапайым видео түсіру ғана емес, оқиға мен сәтті көркемдікпен бейнелейтін, шығармашылықты талап ететін жаңа кәсіп. Мобилография – қазірдің өзінде жастар арасында үлкен сұранысқа ие әрі заманауи медиа мәдениеттің маңызды

бөлігіне айналған сала. Әлеуметтік желілер мен цифрлық контентке сұраныс артқан сайын, мобилографтар да өз ролін нығайтып келеді. Қарапайым телефон арқылы сапалы әрі креативті видеолар түсіріп, мыңдаған аудиторияны қамтып, қоғамда өз орнын тапқан жастардың еңбегі назар аударарлық. Осы ретте облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде еңбек етіп жүрген мобилография маманы Арман Келдібаевпен сұхбаттасқан едік.

Арман КЕЛДІБАЕВ,

Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің маманы:

БҰЛ – ТЕК ВИДЕО ЕМЕС,
ШАБЫТ ПЕН ШЕБЕРЛІКТІҢ НӘТИЖЕСІ

– Мобилография саласына қалай келдіңіз?

– Қазалы ауданы жастар ресурстық орталығында жұмыс істедім. Жастар орталығының құрамында түрлі мәдени және әлеуметтік шараларды ұйымдастыру мен ақпараттандыру жұмыстарымен айналыстым. Әрбір іс-шараны видеоға түсіріп, оны әлеуметтік желілерге жүктеп отырдық. Бастапқыда бұл – күнделікті жұмыс еді. Алайда уақыт өте келе мен бұл іске қызыға бастадым. Кәсіби курстардан өтпесем де, өз бетімше үйреніп, камерамен, смартфонмен жұмыс істеу тәсілдерін меңгердім. Шараларда түсірген видеоларымыз жұртшылықтың назарын аударып, тіпті ұсыныстар түсіп жатты. Өз еңбегімді көру, оның адамдарға позитивті әсер етуі мені одан әрі шабыттандыра түсті. Сол сәттен бастап мобилография менің өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды.

– Бұл салада біраз шыңдалған маман сияқтысыз...

– Кәсіби түрде 2021-2022 жылдан бастап айналыса бастадым. Осы жылдары мен өзімді нақты осы салада сынап, түрлі жобаларда жұмыс істеуге бел будым. Жыл өткен сайын тәжірибе жинап, сапалы контент жасауға дағдыландым. Әуелі өзім үшін басталған қызығушылық бірте-бірте кәсіби бағытқа айналды. Қазір де үнемі дамып, жаңа нәрселерді үйреніп, тәжірибе арттыру үстіндемін.

– Сіз үшін мобилография саласындағы ең қызықты жанр немесе тақырып қандай?

– Әрине, мобилография кең әрі сан қырлы сала. Әр жанрдың өз ерекшелігі бар. Жанымға жақын бағыт – ресми және мемлекеттік іс-шараларды сапалы, кәсіби деңгейде түсіру. Бұл жұмыстар үлкен жауапкершілікті талап етеді, сонымен қатар нақты кадр мен мазмұнға баса назар аударылады. Сонымен қатар бос уақытымда «Speed Ramp» стилінде бейнероликтер жасағанды жақсы көремін. Ол – динамика мен әсерге толы жанр, шығармашылық еркіндік береді.

– Жақсы кадр алу үшін қандай техникалық тәсілдерді жиі қолданасыз?

– Меніңше, кез келген кадр адамның көру қабілеті мен шеберлігіне байланысты. Техника қанша жерден мықты болса да, оны дұрыс пайдалана алмасаңыз, сапалы өнім шықпайды. Кейде түсірілім нүктесі

ыңғайсыз болуы мүмкін, бірақ сол сәтте дұрыс ракурс пен композиция таба білу – кәсіби шеберліктің белгісі. Әрбір кадрды түсірмес бұрын ойланап, жоспарлап аламын: «Бұл ракурстан қалай көрінеді?», «Түс пен жарық қалай үйлеседі?» деген сұрақтар үнемі ойымда жүреді.

– Мобилографтың жұмысы үшін телефонның қандай ерекшелігі маңызды деп ойлайсыз?

– Көпшілік қымбат смартфон қажет деп ойлайды. Бірақ менің тәжірибемде бастысы – шеберлік. Телефондағы камера баптауларын дұрыс қолдана білсеңіз, қарапайым құрылғымен де кәсіби деңгейде видео түсіруге болады. Әрине, кейбір қосымша функциялар – мысалы, стабилизация, 4K түсіру мүмкіндігі, фокус тереңдігі – пайдалы. Ең бастысы, сіздің көзқарасыңыз бен ниетіңіз.

– Мобилографияда кездесетін қиындықтар қандай?

– Бірнеше қиындықтар бар, бірақ мен үшін ең күрделісі – видеомен үйлесетін музыканы таңдау. Музыка – видеоны ашатын элемент. Дұрыс таңдалған әуен көрерменге әсер етудің негізгі құралына айналады. Кейде бір музыканы табуға бірнеше сағат кетеді. Сол себепті бос уақытымда алдын ала видеоларға лайық әуендерді жинап, арнайы папкада сақтап қоямын. Бұл – уақытты үнемдеуге көмектеседі.

– Кадр сапасын жақсартуда қандай қосымшаларды жиі қолданасыз?

– Қазіргі таңда видео өндеуге арналған көптеген қосымша бар. Олардың ішінде ең танымалы – «CapCut». Бұл бағдарлама – көп функциялы әрі қолдануға өте ыңғайлы. Онда филтрлер, арнайы эффектілер, мәтін жазу, музыкалық сүйемелдеу сияқты қажетті құралдардың бәрі бар. Жаңадан бастаушылар үшін де, кәсіби мобилографтар үшін де таптырмас көмекші.

– Сіз үшін сәтті түсірілімнің кілті неде?

– Сәтті түсірілім – бұл тек жақсы техника мен сценарий емес, бұл – адамның көңіл күйі мен ішкі дайындығы. Егер түсірілімге жақсы оймен, позитивті көңіл-күймен келсеңіз, бәрі де сәтті шығады. Объектіні түсірер алдында міндетті түрде ой елегінен өткізіп, оның ерекшелігін, маңызын түсініп алу қажет. Сол кезде ғана видео шынайы әрі әсерлі болады.

– Жұмыс барысында қандай қызықты немесе ерекше оқиғалар болды?

– Иә, мұндай сәттер көп. Соның ішінде ерекше есте қалғаны – Жан-кент қалашығына барып түсірілім жасағанмыз. Бұл үлкен жауапкершілік жүктейтін жұмыс болды. Түрлі сала мамандарымен, әкімдік өкілдерімен бірлесіп еңбек ету – мен үшін жаңа тәжірибе әрі ерекше әсер қалдырады. Осындай тарихи нысандарды халыққа насихаттау – үлкен мақтаныш.

– Мобилографияға жаңадан келгендерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең басты кеңесім – тоқтамау. Үйренуден жалқыпау керек. Қазіргі заманда ақпарат көп, интернет арқылы кез келген дүниені меңгеруге болады. Тек ниет пен еңбек қажет. Өзім де күнделікті жаңалықтармен танысып, білімімді толықтырып отырамын. Тәжірибе мен үздіксіз даму – жетістікке жетудің кілті.

– Алдағы уақытта қандай жобалармен жұмыс жасауды жоспарлап отырсыз?

– Қазірдің өзінде бірнеше ұсыныс бар. Түрлі сала бойынша түсірілімдер жасау жоспарланып отыр. Бірақ менің ең үлкен арманым – Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадио кеңешінде жұмыс істеу. Сол арманға жету жолында еңбек етіп, дайындық үстіндемін. Алдағы уақытта осы бағытта нақты қадамдар жасағым келеді.

– Өз салаңызда қандай жетістіктерге қол жеткізгізіз келеді?

– Мен үшін жетістік – тек марапат немесе танымалдылық емес. Шынайы жетістік – өзіңді сүйіп, сол арқылы отбасына, еліне пайданды тигізу. Мысалы, осы саладан тапқан табысыммен отбасымды асырап отырғаным – үлкен жетістік. Халықтың, ата-анамның, жұбайымның ризашылығын алу – ең үлкен марапатым. Сол себепті мен әрбір жобама жауапкершілікпен қарап, адал еңбек етуге тырысамын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА

«Смартфонмен миллион!»: Жастарды баураған мобилография құпиясы

Телефонмен түсіру жаңа мәдениет пе?

Мобилография – негізінен смартфон камерасымен түсірілген бейне өнері және технологиясы. Бұл бағыт әлеуметтік желілер (Instagram, TikTok және т.б.) дәуірінде кең таралды. Біреулер үшін мобилография – өмірдің қызықты

Басы 1-бетте



сәттерін түсіру тәсілі, басқалары үшін – мағандық. Алғашқы түрлі түсті камералы ұялы телефонды 1999 жылы Жапониядағы «Kyocera» компаниясы шығарды. Сол уақыттан бастап камерасы бар телефондар жыл сайын жаңарып, сапасы артты. Мысалы, 2010 жылы смартфон камералары кәдімгі цифрлық фотоаппараттар нарығын ығыстырып, олардың сатылымын едәуір төмендеткен. Соңғы онжылдықта смартфон камералары айтарлықтай дамып, әрбір жаңа үлгі алдыңғысынан жоғары сапалы сурет түсіруге мүмкіндік береді. «Imageretouchinglab»

сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, әлем бойынша 2023 жылы смартфондар арқылы түсіретін фото жалпы көлемнің 92%-ын құрады, яғни орта есеппен әрбір адам күніне 22 рет фото мен бейне түсіреді. Бұл дерек мобилографияның көпшілік арасында қаншалықты кең қолданылып жатқанын дәлелдейді. Қазақстанда да смартфондар саны көп. «datareportal.com» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2024 жылы елде 26,24 млн мобильді байланыс тіркелген (133,1%). Мобилография саласы қарқынды дамуда. Танымал мобилограф Қыран Талапбек өзінің алғашқы фото мен видеоларын мектеп кезінен iPhone 5S-пен түсірген, ал кейін мобилографияны кәсіби бағытта дамытып келгенін айтады. Бұл деректер смартфон камераларының бүгінгі күні біздің күнделікті өмірімізде негізгі құралға айналғанын көрсетеді. Қазір ол мыңдаған оқырманы бар мобилография курстарын жүргізіп, жастарды шабыттандырып жүр.

Осындай бір мысалдан-ақ смартфон – тек байланыс құралы емес, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын әмбебап құрал екенін түсінуге болады. Қарапайым қалта телефонының камерасы адамның шығармашылық әлеуетін оятып, табыс көзіне айналды. Ең бастысы ниет, ынта және үздіксіз даму. Мобилографияның көмегімен бүгінде кез келген жас өзінің талантын көрсетіп, әлемге танылып, шығармашылық жолын бастай алады. Фото немесе бейнеролик түсіруді үйрену үшін студия қажет емес – қолында смартфон болса, жетіп жатыр. Күнделікті өмірдің қарапайым сәттерінен керемет сюжет жасап, оны әлеуметтік желі арқылы мыңдаған адамға жеткізуге болады. Бұл – бүгінгі ұрпаққа тән еркіндік пен мүмкіндік.

Смартфон – табыс көзі

Мобилография көптеген адамға шығармашылық ғана емес, табыс табуға мүмкіндік береді. Мысал ретінде Қыран Талапбектің мобилография академиясында білім алған студенттер өз тәжірибелерімен бөліседі. Академия статистикасы бойынша кейбір студенттер айына 800000-1200000 теңге көлемінде табыс табатынын көрсеткен. Мысалы, бір студент айына 1200000 теңгеге дейін табыс тапса, басқасы 800000 теңге тапқан.

Тіпті смартфонға түсірілген фото арқылы да табыс табуға болады. «Mobile Photography Awards» (MPA) байқауы 2011 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді және смартфонға түсірілген фотоларға қомақты жүлде берген. Яғни, өнер ретінде смартфонмен түсірілген фотолар танылып, оларға қаржылай баға беріле бастады. Бұдан бөлек, нарықтық зерттеулерге сүйенсек, мобилографиямен айналысатын бизнес жылына орташа \$1,16 млн көлемінде табыс әкелетін кәсіп. Бұл көлем жалпы фото бизнес нарығының \$10,9 млрд екенін ескерсек, мобилографияның іскерлік тұрғыдан үлкен мүмкіндіктерге ие екеніне дәлел. Сонымен қатар АҚШ-та түсіріліммен айналысатындардың орташа жылдық жалақысы шамамен \$34 мың долларды құрайды. Жоғары сұранысты ескерсек, мобилография мен фотодан жақсы табыс табуға жол ашық. Мобилография арқылы кәсібін бастағандар үшін табыс табудың бірнеше арналары бар: әлеуметтік желілердегі фотоблогтар, коммерциялық тапсырыстар, фотобайқаулар мен конкурстар. Қазақстандық

және шетелдік тәжірибелер мобилографияны табыс көзі ретінде толық жүзеге асыруға болатынын көрсетіп отыр.

Смартфон камерасының барлық мүмкіндігін пайдаланып, өз креативтіліктерін одан әрі дамыту әр адамның өз қолында. Мобилография – бүгінгі күннің шынайы бейне өнері. Ол технологияның және жастар шығармашылығының тоғысында пайда болып, қоғамдық өмірге елеулі ықпал етіп келеді. Смартфон камерасымен түсірілген бейне бүгін мәдениеттің, коммуникацияның және бизнестің ажырамас бөлігіне айналды. Суретке түсіру арқылы ой айту, видео арқылы әсер ету бұрын тек үлкен студиялар мен кәсіпқой

Смартфон – тек байланыс құралы емес, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын әмбебап құрал екенін түсінуге болады. Қарапайым қалта телефонының камерасы адамның шығармашылық әлеуетін оятып, табыс көзіне айналды. Ең бастысы, ниет, ынта және үздіксіз даму. Мобилографияның көмегімен бүгінде кез келген жас өзінің талантын көрсетіп, әлемге танылып, шығармашылық жолын бастай алады.

мамандардың қолынан келетін іс болса, бүгінде бұл мүмкіндіктің бәрі кез келген адамның алақанында десек артық айтқандық емес. Ал сіз қалтаңыздағы смартфонды тек байланыс үшін ғана қолданасыз ба, әлде өміріңізді өзгертетін құралға айналыдығыңыз келе ме? Таңдау – еркіндікте.

С.ТЕМІРБОЛАТ

Газеттің келесі саны 10 маусым, сейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391

Тапсырыс №928

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН